



# ICS2

## 3-шығарылым: Компанияңызды ЕО арқылы жүзеге асырылатын теңіз және ішкі су жолдары жүк тасымалына дайындаңыз



**2024 жылғы 3 маусымда Еуропалық Одақ ұсынған Кедендік бақылау және қауіпсіздік жүйесінің үшінші шығарылымы — “Импортты бақылау жүйесі 2” (ICS2) қолданысқа енгізіледі.**

ICS2 дегеніміз ЕО-ға кіретін барлық тауарлар туралы ақпаратты тауарлар келгенге дейін жинайтын ақпараттық технология (АТ) жүйесі. Егер сіз ЕО, Солтүстік Ирландия, Норвегия немесе Швейцария елдеріне **теңіз және ішкі су жолдары** арқылы өтетін жүк тасу процестерін өңдеумен, жүк жөнелтумен немесе тасымалдаумен (жедел және пошта жөнелтілімдерін қоса алғанда) айналысатын болсаңыз, **жаңа ICS2 талаптары** туралы біліп, оларды орындау үшін қажет шараларды қабылдауыңыз керек. Бұл талаптар электрондық коммерция кәсіпорындарына да қатысты.

### Қандай өзгерістер болады?

Қысқаша айтқанда, тасымалданатын жүк туралы бірқатар міндетті және егжей-тегжейлі мәліметтер ICS2 жүйесінде электрондық түрде **толық Жиынтық тіркеу декларациясы (ЖТД)** түрінде тапсырылуы керек.

**Әрбір тауар бойынша міндетті түрде толтырылатын жолдарға мыналар кіреді:**



толық және ұқыптап  
толтырылған коммерциялық  
сипаттама



Тауардың халықаралық  
бірыңғай жүйе бойынша  
6 таңбалы коды



қатысты тараптар туралы қосымша мәліметтер  
(мысалы, сатушы, сатып алушы, коносаменттің  
ең төменгі деңгейіндегі жүк алушы, жүк  
жөнелтуші)



ЭОТС<sup>1</sup> нөмірі  
(осы тараптардың кез  
келгеніне тағайындалған  
кезде)

**ЖТД деректеріне қатысты талаптарды қанағаттандыру мақсатында ICS2 жүйесінде бірнеше форма толтыру мүмкіндігі қолданылады.**

**Егер сіз басты коносаментті жазып беретін тасымалдаушы болсаңыз**, оларды жазып берген тасымалдаушы компаниялардан (жедел тасымалдау операторларын немесе баламалы тасымал құжаттарын жазып беретін пошта операторларын қоса алғанда) барлық негізгі коносаменттер бойынша қажетті деректерді алуыңыз қажет. Міндетті ақпаратқа жүк алушының ең төменгі деңгейдегі ішкі коносаментте бар сатып алушы мен сатушы туралы мәліметтер кіреді. Егер тасымалдаушы компания қажетті деректерді бермесе, онда басты коносамент негізінде ішінара ЖТД жіберуіңіз және құжатты толтыру кезінде тасымалдаушы компанияның ЭОТС нөмірін көрсетуіңіз қажет. Бұл жағдайда тасымалдаушы компания ICS2 бойынша ішкі деңгейдегі деректерді беруге жауапты болады және ішкі коносамент берген басқа тараптардан деректерді алуы керек немесе ішінара ЖТД рәсімдеу кезінде әлі де құжат рәсімдеуі керек тараптардың куәлік құжаттарын мәлімдеуі керек.

**Егер сіз тікелей коносамент жазатын тасымалдаушы болсаңыз**, онда сіз ЕО-да тіркелген жүк алушыдан кейбір қосымша коммерциялық деректерді алуыңыз керек. Егер жүк алушы қажетті деректерді бермесе, сіз оның ЭОТС нөмірін ішінара ЖТД құжатында көрсетуіңіз керек, ал жүк алушы ICS2 жүйесінде өзінің ішінара толтырылған деректерін беруге жауапты және міндетті болады.

**Егер сіз коносамент немесе оның баламасын берген тасымалдаушы компания, жедел немесе пошта операторы болсаңыз**, сіз коносамент берген тасымалдаушыға (немесе сіз бірлескен жүк тиеуші ретінде әрекет етсеңіз, ол "басты тасымалдаушы компания" деп аталады) хабарлауыңыз керек. Сіз қажетті деректерді тасымалдаушыға немесе басты тасымалдаушы компанияға беруіңіз керек немесе ICS2 жүйесіне ішінара ЖТД құжатын, соның ішінде ішкі коносаменттің ең төменгі деңгейінде көрсетілген, ЕО-дағы жүк алушыдан алынуы керек кейбір коммерциялық деректерді беруіңіз керек.

**Жүк алушыларға арналған ескертпе:** сізден тараптар арасындағы келісімшарттық қатынастарға байланысты сатып алушы мен сатушы туралы ақпаратты қамтитын ЖТД құжатын жіберу талап етілуі мүмкін.

<sup>1</sup> Экономикалық операторларды тіркеу және сәйкестендіру нөмірі.

## Есте сақталатын күндер:

Сіз **уақыт шектеулі толтыру терезесі** ашық болған кезде ICS2 жүйесінде құжат толтыруды бастауды талап етуіңіз қажет болады. Мұны ICS2 жүйесінде деректерді толтыру үшін пайдаланылатын ЭОТС нөмірі тіркелген ЕО-ға мүше мемлекет арқылы істеуіңіз керек.

Ал **теңіз және ішкі су жолдары арқылы жүк тасымалдаушылар** үшін толтыру терезесі **2024 жылғы 3 маусымнан 2024 жылғы 4 желтоқсанға** дейін қолжетімді.

**Теңіз және ішкі су жолдары арқылы жүк тасымалдаудың ішкі деңгейдегі құжаттарын толтыру** — **2024 жылғы 4 желтоқсаннан 2025 жылғы 1 сәуірге** дейін қолжетімді.



## Қалай дайындалу керек?

### Жаңа талаптармен **ТАНЫСЫҢЫЗ**:

- **Еуропалық комиссияның веб-сайты** және **жиі қойылатын сұрақтар**
- Еуропалық комиссия **CIRCABC құжатын бөлісу платформасы**

ICS2 жүйесінде ЖТД деректерінің толық жиынтығын өзіңіз беретінізді **КӨРСЕТИҢІЗ**, болмаса тасымалдаушы ретінде сіз клиенттеріңізбен келіскен кезде негізгі деңгейдегі деректерді сіз беретін етіп, ал ICS2 жүйесіне қажетті ішінара ақпаратты өз жауапкершілігімен және заңмен белгіленген мерзімде олар беретін етіп **КЕЛІСІҢІЗ**.

ЕО-ға мүше елдердің бірінің кеден органдарынан ЭОТС нөмірін **АЛЫҢЫЗ**. Қосымша ақпарат **мына жерде**.


ICS2 жүйесіне тікелей қосылу үшін АТ жүйеңізді **ЖАҢАРТЫҢЫЗ** болмаса ЖТД бойынша АТ қызметтерін орындайтын компаниямен **КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРЫҢЫЗ**. Орындалатын қадамдар бойынша нұсқаулар алу үшін ЭОТС нөміріңіз тіркелген мүше елдің **Ұлттық қызмет көрсету орталығына** хабарласыңыз. Техникалық дайындықтың алғашқы қадамдарын орындау туралы нұсқауларды сонымен қатар **осы ақпарат бюллетенінен** оқуға болады.

Бірнеше рет құжаттарды тапсыру немесе кеден органдарынан хабарландырулар алу кезінде, соның ішінде жүйе дұрыс жұмыс істемеген жағдайда жұмыс хаттамалары бар болған кезде ICS2 талаптарына сәйкес болу үшін қажетті бизнес-процестерді орындағаныңызға **КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ**.

Қызметкерлерді **ОҚЫТЫҢЫЗ** және жаңартылған АТ жүйелері мен бизнес-процестерді пайдалануға арналған ресурстарды үлестіріңіз.

АТ жүйелеріңізді ICS2 жүйесіне(нен) техникалық хабарларды жіберу (қабылдау) үшін пайдалануға жарамды екеніне көз жеткізу үшін 2023 жылдың 11 желтоқсанынан бастап міндетті өзін-өзі тексеру жұмыстарын **ЖҮРГІЗІҢІЗ**. Әрі қарайғы қадамдарды орындау үшін **өзін-өзі тексеруді ұйымдастыру туралы құжатты** оқыңыз.

ЭОТС нөмірі тіркелген мүше елден ICS2 жүйесіне заңды мерзім ішінде қосылу үшін толтыру терезесін **СҰРАҢЫЗ**.



## Егер сіз уақытыңда дайын болмасаңыз не болады?

- Тауарлар ЕО-ның кедендік шекараларында тұрып қалады.
- Аталған тауарлар кедендік тазартудан өтпейді.
- Талаптарға сәйкес емес декларациялар қабылданбайды немесе талаптарды сақтамағаны үшін санкциялар қолданылуы мүмкін шараларға әкеп соқтырады.



**ICS2 ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТТАН ҚАПИ ҚАЛМАҢЫЗ**  
Қосымша мәліметті мына веб-сайттан оқи аласыз:  
**[ec.europa.eu/ICS2](https://ec.europa.eu/ICS2)**



Publications Office  
of the European Union